

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, II

Халықаралық шарттар құқығы
2-бөлім





Халықаралық шарттың әділ бағасын беру әрі оны мемлекет аумағында қолдану тек алдын ала мығым құқықтық негізі қаланғанда ғана мүмкін. Мұндай негіздің құрамына халықаралық шарт мәтінінен бөлек, бірқатар құжаттар, атап айтқанда: шарт мәтініне заңдық анықтама, шарт жобасына түсіндірме, осы халықаралық шарттың өзектілігі мен қолданысы барысындағы тиімділік туралы теория мен халықаралық практиканы шолу жасау нәтижесінде жасалған сараптамалық есеп, осы халықаралық шартты қабылдауға байланысты өзгертуді қажет ететін нормативтік-құқықтық актілердің тізімі, шарты, іс жүзінде қолданған кезде кететін шығынның қаржылық-экономикалық негіздемесі кіреді. Шарт күшіне енгеннен соң оның қолданысына байланысты мәселелер туындайды.

1969 жылғы Конвенция бойынша шарт күшіне енгенге дейін оны толық немесе белгілі бір бөлігін қолдана беруге болатыны белгіленген. Ол үшін шартты сәйкес норма болуы немесе тараптар өзара келісуі тиіс. Уақытша қолдану нормасы бірқатар шарттарда көрсетілген. Әрине, уақытша қолдану нормасы енді шартты ратификациялаудың немесе оған қосылудың (акцепт жасаудың) қажеті жоқ дегенді білдірмейді. Егер шартқа қатысушы мемлекет бұдан кейін уақытша қолданудан бас тартатынын басқа тарапқа хабарласа, шартты уақытша қолдану тоқтатылады.

Шартта басқаша айтылмаса, шарт нормасының ретроактивті (кері) күші болмайды, яғни тараптар осы шартты қабылдағанға дейінгі фактілер, әрекеттер немесе оқиғалар бойынша жауапкершілік жүктейтін міндеттеуші күші жоқ. 1969 жылғы Конвенцияға сәйкес, егер шартта басқаша айтылмаса, шарт оған қатысушы мемлекеттің бүкіл территориясында жарамды. Бұл – жалпыға ортақ норма. Бірақ кейде халықаралық келісім мемлекеттің бір бөлігіне ғана жарамды болатын кездер де болған. Бұрын Еуропаның отаршы державалары кейбір шарттарға «Отарлық шарттардың қолданылу нормалары» туралы қосымша тіркеп отырған. Бұл қосымшада сол шарттың отар елдерге қолдануға жарамды немесе жарамсыз екенін көрсететін.

М. Шоу бір мәселе бойынша бірінен соң бірі қабылданған немесе бір-бірінің жалғасы болып табылатын шарттар қолдану проблемасына қатысты Венн конвенциясының 30-бабында анық тәртібі бекітілгенін еске салады. Сонымен, егер шартта алдыңғы немесе бұған дейінгі шарттың жалғасы екені көрсетілсе немесе ол шартпен қатар жүрмеуі тиіс деп жазылса, әдетте басқа шарт нормаларының басым күші болады. Мұндай жағдайда, ең алдымен, халықаралық шарттың мәтініне назар аударған жөн. Сонымен бірге, көпжақты шарттың екі немесе одан да көп қатысушысы дәл осы мәселе бойынша басқа шарт жасайтын кездер бар. Ондайда алдыңғы көпжақты шарт тоқтатылмайды және басқа қатысушыларға қатысты қаулы шығарылмайды.

Конвенцияның 30-бабында былай делінген: «Егер алдыңғы шарт қатысушыларының бір парасы келесі шартқа қатысса, бірақ алдыңғы шарт тоқтатылмаса немесе 50-бапқа сәйкес уақытша тоқтатылмаса, онда алдыңғы шарт келесі шарт нормаларымен сәйкесетін деңгейде ғана қолданылады. Бір-біріне жалғасқан халықаралық шарттарды қабылдау нәтижесінде туындайтын проблема мемлекеттер саны мен келісілген халықаралық шарттардың санының артуы, аймақтық деңгейдегі өзара қарым-қатынастың қарқын алуынан туындаған қосымша қиындықтарға байланысты аса өзекті мәселеге айналып келеді. 30-бапта көрсетілген ережені жалпылама негізде ғана басшылыққа алуға болады.

Үшінші тұлғалар

Халықаралық құқықтағы қызықты мәселелердің бірі – үшінші тұлғаларға арналған міндетті норма, яғни жердегі әңгіме шартқа қосылмаған басқа тарапқа қатысты әрекет пен шарттың қолданылуы туралы болмақ.

Халықаралық келісімдер (шарттар) тек қатысушылар үшін ғана міндетті күшке ие деген жалпыға ортақ норма бар. Себебі бұл норма мемлекеттердің егемендігі мен тәуелсіздігі туралы басты қағидаттарға негізделген. Мемлекет тек шартқа ерікті түрде қосылғанда ғана ол оған міндетті болатыны мәлім. Бұл – жалпыға ортақ норма, айрықша жағдайларда қолданылмауы мүмкін, дегенмен аталмыш тұжырым халықаралық құқықтың жалпыға ортақ көзқарасы болып қала береді. 1969 жылғы конвенция бұл ережені бекіте отырып, «үшінші мемлекеттің келісімінсіз шарт сол мемлекетке қандай да бір құқық пен міндет жүктей алмайды» деп атап



көрсетеді. Әйтсе де бұл жерде бір айрықша норма немесе жалпы нормадан тыс жағдай бар. Шарт немесе оның жекелеген нормасы шарттың нормасы әдет-ғұрып құқығына айналған кездер болады. Ондай кезде осы шарт немесе оның нормасы шартқа қатысушы мемлекет үшін де, қатыспайтын мемлекет үшін де міндетті күшке ие. Мысал ретінде өткен ғасырдың басында қабылданған Гаага конвенциясында аталған соғыс ережелерін атауға болады. Бұл мәселе БҰҰ Жарғысында айтылған. Онда «Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымы өзіне мүше емес мемлекеттер де халықаралық құқық аясында осылай әрекет етеді» деп атап көрсеткің. БҰҰ бұл ереженің орындалуын қамтамасыз етуге міндеттеме алады. Көпшілігі бұл тек БҰҰ-ға мүше мемлекеттер үшін жай ғана декларация емес, нақты міндеттемелер екенін жақсы түсінеді. Өйткені БҰҰ Жарғысындағы қағидаттар жалпыға ортақ, міндетті халықаралық-құқықтық нормалар болып есептеледі. Сондай-ақ шарттың қатысушылары өзара келіссе немесе үшінші мемлекет шарттың нормалары өзі үшін міндетті болатынына жазбаша келісім берсе, осы шарттың нормалары үшінші мемлекет үшін де міндетті болады.

Шарттың үшінші мемлекетке беріп отырған құқығы туралы айтсақ, бұл тұрғыда мәселе күрделірек, оның мазмұны әрқалай болуы мүмкін. Халықаралық тұрақты сот Free Zones ісінде былай деген: «Басқа мемлекеттердің арасында жасалған шарттың негізінде пайда болған құқық туралы айтар болсақ... мәселені әрбір нақты істің мән-жайына байланысты шешкен жөн: үшінші мемлекетке аталған құқықты беріп отырған мемлекеттер оны не үшін бергеніне назар аударуы қажет».

Вена конвенциясына сәйкес, үшінші мемлекеттің құқықтары пайда болу үшін мынадай жағдайлардың орын алуы шарт: Біріншіден, шартқа қатысушылардың үшінші мемлекетпен құқықтық қарым-қатынасқа түсуге ниеті болуы тиіс. Екіншіден, шарттан тыс және шартқа қатысушы мемлекеттерге тікелей қатысы жоқ үшінші мемлекеттермен құқықтық қарым-қатынасқа түсу ниеті болуы тиіс. Үшіншіден, шартқа қатысушы мемлекеттер осы мемлекеттерге құқық туындату ниеті болуы керек. Алайда үш жағдай орын алғанда да үшінші мемлекеттің бұған келісімі керек. Егер шартта басқаша айтылмаса және үшінші мемлекет қарсылық білдірмесе, келісімін берген болып есептеледі.

Сонымен бірге кейбір шарттарда erga omnes құқықтар мен міндеттер пайда болады, яғни құқықтар мен міндеттер мемлекеттердің бәріне ортақ. Мысал ретінде Суэц және Киль каналдарында, белгілі бір территориялық режим орнату туралы көпжақты шарттарды атауға болады. Халықаралық тұрақты сот Wimbledon ісінде «халықаралық су жолы... бүкіл әлемнің игілігі үшін қызмет етеді» деген. Басқаша айтқанда, үшінші мемлекетке қандай да бір міндет жүктеу үшін сол мемлекеттің келісімі қажет. Ал үшінші мемлекетке қандай да бір жеңілдік беріліп, оған қарсылық білдірмесе, қабылданды деп есептеледі. Себебі, халықаралық әдет-ғұрып құқығының жалпыға ортақ қағидатына сәйкес, үшінші мемлекетке берілген құқық жарамды, бірақ, мемлекеттің егемендігі, теңдігі, ішкі ісіне араласпау қағидаттарына сәйкес, үшінші мемлекетке оның келісімінсіз міндет жүктеуге болмайды.

Шартқа түзетулер мен өзгертулер енгізу

Халықаралық келісімдерге түзетулер мен өзгертулер енгізудің мақсаты шартты қайта қарау болса да, бұл екеуі екі бөлек және жасалу жолдары да әртүрлі. Түзету енгізу – шарттың ресми нормасына қатысты, келісімге қатысушыларға түгел әсер етеді, ал өзгерту енгізу шарт қатысушылардың кейбіреулеріне қатысты талаптарды ғана қамтиды. Түзету қажет болса, тараптар өзара келісім арқылы да енгізе алады, егер шартта басқаша айтылмаса, ондай кезде, шарттың қорытындысы мен күшіне енуі сияқты, сол тарауда айтылған ресми талаптар сақталуға тиіс. Жағдай өзгерген кезде шарттағы кейбір нормалар өзгеріске ұшырайтыны белгілі. Онда тұрған айрықша ештеңе жоқ, бұл халықаралық қатынастарда кездесе береді. Тек ондай түзету шартты бастапқы жасаған кездегі тәртіппен енгізілуі қажет, себебі түзетуден тараптардың құқықтары мен міндеттері өзгеруі ықтимал. Ондай өзгерістерді келісімсіз енгізу мемлекеттердің егемендігі қағидатына қайшы келеді.



Көпжақты шарттардың басым көпшілігінде түзету енгізу тәртібі көзделген. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысына түзету енгізу үшін қатысушы мемлекеттердің бәрінің қолдауы мен Қауіпсіздік кеңесінің бес тұрақты мүшесінің ратификациясы қажет. Ал тараптарың кейбіреуі басқалар ұсынған өзгеріске қарсылық білдірген кезде қиындық туындайды. Вена конвенциясында шарттың өзінде түзету енгізуге қарсылық білдіретін норма болмаған кезде шартқа түзетулер енгізу тәртібі көзделген. Енгізілетін түзетулер қатысушы мемлекеттерге хабарлануы тиіс. Өйткені барлық қатысушы тараптар келіссөздер мен шартты жасауға қатысуға құқы бар. Шартқа қосыла алатын кез келген мемлекет түзетулер енгізуге, талқылауға қатысуға құқылы. Бірақ ондай түзетулер бастапқы шарттың қатысушысы, әйтсе де түзетуге қатыспай отырған мемлекет үшін міндетті күшке ие бола алмайды.

Мемлекет шартқа өзгертулер енгізілгеннен кейін мүше болған кезде де процедурада бірқатар қиындықтар туындайды. Мұндай кезде мемлекет өзгертілген шарттың (келісімнің) қатысушысы болады. Ал, егер шарттың өзгертулері қабылдауға міндетті болмаса, кейін қосылған мемлекет бастапқы шарттың қатысушысы болып есептеледі.

Шарттарды түсіндіру

Соттың, трибуналдың, заңгерлердің алдынан шығатын тағы бір күрделі мәселе – халықаралық шартқа дұрыс, лайықты түсініктеме беру. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін арнаулы әдістеме мен ережелер әзірленіп, қабылданады. Халықаралық құқықта шартқа түсініктеме берудің негізгі үш жолы бар. Бірінші – келісімнің нақты мәтіні бойынша және мәтіннің сөздеріне сараптама жасау арқылы. Екінші – шартты қабылдаған тараптардың арасында дау тудырған, түсініксіз нормаларды түсіндіру. Мұны субъективті тұрғыдағы түсініктеме деуге болады. Үшінші – алғашқы екі жолдан әлдеқайда кеңірек. Бұл жерде шарттың нысаны мен мақсатына көбірек назар аударады. Шарттың нысаны мен мақсатын анықтау әдісіне көбінесе соттар мен арбитраж сүйенеді. Халықаралық құқықта шартты түсіндіру құжаттың барлық қырын, айталық тараптардың ниетінен бастап, шарттың мақсатына дейін қамтиды.

Вена конвенциясының 31-бабы шартқа түсініктеме берудің негізгі ережелерін айқындайды. Ол халықаралық әдет-ғұрып құқығының негізгі нормасын көрсетеді. Аталған 31-бапқа сәйкес, шартқа түсініктеме бергенде адал ниеті, шартта қолданылатын сөздер мен нормалардың, оның контекстінің қарапайым мағынасы, шарттың мәні мен мақсаты түгел ескерілуі қажет.

Competence of the General Assembly for the Admission of a State to the United Nations (Мемлекеттерді БҰҰ-ға қабылдау жөніндегі Бас Ассамблеяның құзыреті) деп аталатын істе Халықаралық сот халықаралық шартқа түсініктеме беру туралы пікірін білдірген. Бұл істе трибунал шартқа түсініктеме берген кезде нормалардың контекстіне қарай олардың табиғи және қарапайым мағынасын ашуға тырысуы тиіс. Мысалы, осы норманың негізінде, Адам құқығы жөніндегі Еуропа соты Lithgow (Литгоу) ісінде Еуропа конвенциясының I хаттамасының 1-бабында айтылған «халықаралық құқықтың жалпыға ортақ қағидаттарында көрсетілген... талаптарды сақтай отырып» деген сөз тіркесін мүлтік құқыққа араласқаны үшін өтемеақы төлеу контекстінде, бұл салада азаматтардың (шетелдіктердің емес) мүліктерін национализациялағаны үшін өтемеақы тағайындау кезінде қолдануға болмайтынын айтқан. Бұл жерде «контекст» деген ұғымға шарттың кіріспесі (преамбуласы) мен қосымшасы, сонымен қатар, тараптардың осы шартты жасасу барысында әзірленген кез келген келісімдері мен құжаттары кіреді.

Эритрея мен Эфиопия арасындағы шегара жөніндегі комиссия шегараны делимитация жасау жөніндегі шешімінде Вена конвенциясының 31(1)-бабында аталған элементтер тараптардың ниетін, яғни олардың «ортақ еркін» білдіретінін 154 және бұл орайда «дер кезінде» деген қағидаттың маңызы зор екенін айтқан. Бұл тұрғыда шартқа түсініктеме беруді шарт жасалған кездегі нақты жағдайға байланысты істеген жөн. Мысалы, шартта аталған сөз тіркестері мен географиялық атаулар дәл сол кездегі мағынасына сәйкес берілетіні мәлім. Дегенмен Халықаралық сот айтқандай, мұның бәрі шартқа түсініктеме берген кезде «тараптар ұсынып отырған қазіргі ғылыми тұжырымдарды» қолдануға кедергі бола алмайды. Сонымен



қатар, дау туындаған кезде шартқа (келісімге) түсініктеме беру – соттың міндеті. Оның мақсаты – шарт нормасын нақты анықтау. Бірақ сот құқықтық норманың мағынасын өзгерте алмайды.

М. Шоудың жазуынша, «осы шартпен байланысты кейінгі шарттар мен практикалар да алдыңғы құжаттың контексінде қарастырылуы керек. Кейінгі практиканың екі түрлі рөлі болады: осы шарттың түсініктемесі ретіндегі рөлге ие болуы мүмкін және шартқа қатысушы тараптардың осы шартқа байланысты құқықтық қарым-қатынасының өзгергенін білдіруі мүмкін».

Шартқа түсініктеме беру кезінде тараптардың арасында халықаралық құқықтың қандай да бір нормасын қолдану туралы нормаға негіздеу Иран мен АҚШ арасындағы мұнай өндіру кен орындарына байланысты істе қолданылған ұстаным болды. М. Шоудың пікірінше, бұл ұстаным 1955 жылғы Достық, экономикалық қатынастар мен консулдық құқықтар туралы шарттың контексінде қарулы күштерді қолдануға рұқсат беретін нормаларды сақтау үшін қолданылуы мүмкін. 31-баптың нормасына сәйкес түсініктеме беру керек болса немесе норманың мағынасы екіұшты болғандықтан анықтама беру талап етілсе, сондай-ақ норма түсініксіз болса, ақылға сыйымсыз нәтижеге душар ететін болса, 32-бапта ондай кезде қосымша құралдарды қолдану мүмкіндігі көзделген. Дегенмен Халықаралық сот «түсініктеме, ең алдымен, шарттың мәтініне негізделуге тиіс» деп мәлімдеді. Сонымен қатар, шарттың тараптары шарттың мағынасы туралы өз ойларын айтуына болады.

М. Шоу прецедент құқығында осы тұрғыдағы қызықты жағдайлар қалыптасқанын айтады. Мысалы, Халықаралық сот Interpretation of Peace Treaties (Бейбітшілік туралы шарттың түсініктемесі) «Осы іске қатысатын тараптардың бірі (Болгария, Венгрия, Румыния) өз өкілін тағайындаудан бас тартса, екінші тараптың өтініші бойынша БҰҰ Бас хатшысы Шарт комиссиясының үшінші мүшесін тағайындай ала ма?» деген орынды қойған. Бұл орайда Бейбітшілік туралы шарт ұғымының қарапайым, өзіне тән мағынасынан алғашқы екі тарап тағайындалған соң, үшінші тараптың тағайындалуына мүмкіндік берілгенін анық байқаймыз.

Соттың пікірінше, жүктелген міндеттемені бұзудың салдарын шартта көрсетілмеген комиссия құру арқылы жоюға болмайды. Сот дауларды шешу кезінде тиімділік қағидатын шарттың мәні мен сипатына қайшы келетін бағытта қолдана алмайды.

Соттың мәлімдеуінше, халықаралық шарттағы дауларды шешу туралы нормалардың сипатынан олар қалай жазылса, тек сол мағынасында қолдану қажет екенін білдіреді. Халықаралық сот жарғысының 38-бабына сәйкес, сот халықаралық конвенциялар мен шарттарға өте мұқият қарауы қажет. Халықаралық ұйымдардың конституциясы іспеттес шарттарға түсініктеме бергенде мейлінше жан-жақты, мұқият қарастырған жөн. Өйткені олар тұтас бір ұйымның мақсатын білдіретін маңызды құжат болып есептеледі. Вена Конвенциясының 31(4)-бабына сәйкес, егер шартқа қатысушылар оған арнайы маңыз артқысы келсе, ондағы норманың мағынасына қарай түсінік беріледі. Мұндай жағдайда дәлелдеудің жоғарғы стандарты қойылады. Бұл тұрғыда норманы біржақты талқылау аз екенін еске сала кеткен жөн.

Халықаралық көпжақты шарт бірнеше тілдерде жасалса, әр тарап оны өзінше түсіну қаупі бар. Кейде тараптардың арасында бұл жөнінде арнайы келісілген тәртіп болса, шартты қарапайым талдау, түсінуге тырысу проблеманы күрделендіріп жіберуі мүмкін. Мұндай жағдайда шарттың мақсаты мен нысанымен қатар, оның мәтіні қолданылады.

Сұрақтар

1. Егер екі мемлекет алдыңғы көпжақты халықаралық шарттың тақырыбына ұқсас мәселе бойынша өзара шарт жасаса, олардың екеуінің арасындағы және олар мен басқа мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас қалай реттеледі?
2. Шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізген кезде нені басшылыққа алу керек?
3. Халықаралық шартты түсіндірудің түрлі әдістерін атаңыз?



Әдебиеттер

1. A. Aust, *Modern Treaty Law and Practice*, 3rd edn, Cambridge, 2013.
2. J. Klabbers, *The Concept of Treaty in International Law*, The Hague, 2013.
3. Составление текстов международных договоров и сопутствующих им документов «с чистого листа». – Астана (Республика Казахстан). 2009. – 352 с.